

## БӨЛІМ: БАСТАУЫШ СЫНЫП

## Сабақтың тақырыбы: Келер шақ

ЖАРИЯЛАНДЫ  
14.04.2020СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/71794/

**Сабақтың мақсаты:** Мәтінді мұқият оқып, өлеңнің тақырыбы мен мазмұнының сәйкестігін анықтай алып үйренеміз.

Түрлі тапсырмаларды орындау арқылы етістіктің келер шақта қолдана аламыз.

**Ресурстар:** Оқулықтың 86-87-беттері;

**Жаңа сабақты түсініп алайық.** Оқушыларды түгендеп, көңіл күйлерін сұрау.

Суретке назар аудар! Өлең кім туралы? Сенің ұшқыш болғың келе ме?

(Сұраққа іштей ойланып көр.)

Самғап биік, туу көкте,  
Сорғалайды қырандар.  
Олар білсең ғарышқа  
Оқтай ұшқан зымырандар.  
Оны көрген алып дер,  
Жарқылдаған от қандай!  
Шіркін, болсам ғарышкер  
Талғат пенен Тоқтардай!

**22-жаттығу.** Өлеңді мәнерлеп оқып, тақырып мен өлең мазмұнының сәйкестігін анықта.(86-бет) Етістікті тауып, оның қашан болатын іс-әрекет екенін тап.

**Дескриптор:**

**-өлең шумағын мәнерлеп оқысың;**

-өлеңнің мазмұнына назар аударасың;

-маңызды тұстарын анықтайсың;

-сәйкестіктерін анықтайсың.

**23-жаттығу.** Берілген сөздермен сөйлем құрап жаз.

Етістіктерді тап. Олардың қай жақта, қашан болатын іс-әрекет екенін тап.

**Үлгі:** Ол анасына көмектеседі. (3-жақта жіктеліп тұрған етістік, келер шақ)

Берілген сөздермен сөйлемдерді құрастырып жаз.

Мен **көмектесемін**

Біз **көмектесеміз**

Сен **көмектесесің**

Сендер **көмектесесіңдер**

Ол **көмектеседі**

Сіздер **көмектесесіздер**

Олар **көмектеседі.**

### **Келер шақ ережесін жаттаймыз**

Келер шақ етістіктері іс әрекеттің алдағы уақытта болатынын білдіреді.

Келер шақ етістіктері **не істеймін? не істейсің? не істейді?** деген сұрақтарға жауап береді.

### 24-жаттығу

Өлеңге тиісті етістіктерді қою арқылы толықтырып жаз.

Етістіктерді тауып, астын сызып, сұрақ қой.

Көкке **ұшамын,**

Ұшқыш **болар** баламын.

Соңынан **еремін**

Гагариндей ағаның.

--	--

Батыр болам,

Көк аспанды **сүйемін.**

Жұлдыздарға

Барып -келіп **жүремін.**

## 25-жаттығу

Бос торкөздерге сәйкес келетін етістіктерді тауып жаз.

Етістіктердің қай жақта, қай шақта екенін тауып көр.

**Үлгі:**

о	т	ы	р	<b>мын</b>
---	---	---	---	------------

1-жақта жіктелген, осы шақтағы етістік.

### Дескриптор:

-Сөйлемнің қай шаққа сәйкес келетінін белгілейсің.

-қай шақ, қай жақта тұрғанын айтасың.

## Шығармашылық жұмыс

### 1-тапсырма. (Ж) Семантикалық кестені толтыру

№	Мысалдар —	Осы шақ	Келер шақ	Өткен шақ
1	Ол жазды			+

2	Сіз жазып отырсыз			
3	Сұрақ қиын болды			
4	Ол сонда оқымаған			
5	Қар жауып тұр	+		
6	Қыс суық болды			
7	Ол келе жатыр			
8	Кітап оқып отырмын			

### 25-жаттығу

**Бағанның сол жағындағы сөздерді тиісті етістіктермен сәйкестендір.**

**Мағжан**

**естіді**

**ағаш**

**басталған**

**сабақ**

**өсті**

**біз**

**келді**

**досы**

**ақылдасты**

**Қосымша сабақтан тыс орындауға арналған тапсырмалар:**

Орындаған тапсырмаларды мұғалімге онлайн сабақта қолданып отырған құрылғылары арқылы фотоға түсіріп жіберуіңе болады.

- **Кері байланыс:** Онлайн сабақ қалай жүріп жатыр?
- Не түсініксіз болып жатыр?
- Мұғалім сен үшін нені ескеру керек деп ойлайсың?

Сабақтан алған ақпаратыңды достарыңмен sms арқылы бөліс

**Хушкелдиева Фариза Бақбергенқызы**

**«№2 Ш.Уәлиханов атындағы ЖОМ»**

**бастауыш сынып мұғалімі.**

## Түркістан обл. Жетісай ауданы. Жетісай қаласы

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.